

#4

(940)

31 наурыз

2023 жыл

ГАЗЕТ 2005 ЖЫЛДЫҢ 7 ҚАҢТАРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ

JAS QAZAQ

ЭЛЕКТРОНДЫҚ ГАЗЕТ



@jasqazaqnews

vk.com.jasqazaq

Jasqazaq

Жас қазақ

jasqazaq.kz

jasqazaqkz

АҚҚУЫН АЙДЫН КӨЛДІҢ НАЛЫТПАҒАН...

**БАТЫС ҚАЗАҚСТАН
ОБЛЫСЫНДА АУЫЛ ТҰРҒЫНЫ
АҚҚУДЫ ЕКІ АЙ БАҒЫП-ҚАҚТЫ.
MGOROD_KZ ЖАЗҒАНДАЙ,
МАХАМБЕТ ЕСІМДІ АЗАМАТ
ҚЫСТА ҚАНАТЫНА МҰЗ
ҚАТҚАН АҚҚУДЫ ТАУЫП АЛЫП,
ҮЙІНЕ АЛЫП КЕЛГЕН. КӨКТЕМ
ШЫҒА АУЫЛДЫҢ МАҢЫНДАҒЫ
КӨЛГЕ ЖІБЕРДІ.**

Ұрпақтан ұрпақ алып
жалықпастан,
Сондай бір дәстүр бар-ды
қалыптасқан.
Заманнан заман өткен,
жаңарған жұрт
Аққуын айдын көлдің
налытпастан.
Дәстүрін аттамаған, анық
басқан.

Сондай бір дәстүр бар-ды
жарық шашқан,
Бір ұрпақ бір ұрпаққа алып
қашқан.
Қайсыбір қиын-қыстау
ай-күндерде,
Шойрылтып түссе-дағы
қайғым белге.
Алаңсыз аққуымды
атпасын деп,
Жатқа да дастарханды
жайдым төрге,
Аққулар ұйықтағанда
айдын көлде...

(Мұқағали МАҚАТАЕВ,
«Аққулар ұйықтағанда»
поэмасынан)

✓ BRENT \$78.62

✓ USD 449 T

✓ EUR 489 T

✓ RUB 5,7 T

БІЛІК

«БҰЛ ҚАҒИДА – МЕМЛЕКЕТІМІЗДІҢ БАСТЫ ТІРЕГІ. РЕФЕРЕНДУМНАН KEЙІН КОНСТИТУЦИЯНЫҢ ЖАҢА ТАЛАПТАРЫНА САЙ БІЛІК ТАРМАҚТАРЫН ТҮГЕЛ ЖАҢҒЫРТУҒА КІРІСТІК. ХАЛЫҚТЫҢ ДА КӨПТЕН КҮТКЕНІ ОСЫ ЕДІ. КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕРГЕ СӘЙКЕС ПРЕЗИДЕНТ САЙЛАУЫ, СЕНАТ, МӘЖІЛІС ЖӘНЕ МӘСЛИХАТТАР САЙЛАУЫ ӨТТІ. РЕФЕРЕНДУМДЫ ҚОСҚАНДА БІР ЖЫЛҒА ЖУЫҚ УАҚЫТТЫҢ ІШІНДЕ ӨТЕ МАҢЫЗДЫ БЕС САЯСИ НАУҚАН ӨТКІЗІЛДІ. ОНЫҢ БӘРІ АСА КҮРДЕЛІ КЕЗЕҢГЕ ТҰСПА-ТҰС КЕЛДІ. ҚАНШАЛЫҚТЫ КҮРДЕЛІ БОЛСА ДА, БІЗ ЕЛІМІЗ ҮШІН ӨТЕ ҚАЖЕТ ЖОЛДЫ ҚЫСҚА МЕРЗІМ ІШІНДЕ ЖҮРІП ӨТТІК».

«КҮШТІ ПРЕЗИДЕНТ – ЫҚПАЛДЫ ПАРЛАМЕНТ – ЕСЕП БЕРЕТІН ҮКІМЕТ»



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев VIII сайланған Парламенттің бірінші сессиясының ашылуында сөз сөйлеп, алдағы кезек күттірмейтін маңызды міндеттерді айқындап берді:

- | | |
|---|---|
| 1. Іскерлік белсенділікті ынталандыру | 5. Адам капиталының сапасын барынша арттыру |
| 2. Еліміздің өндірістік әлеуетін барынша арттыру | 6. Әлеуметтік тұрғыдан осал топтағы азаматтарды қолдау |
| 3. Инфрақұрылымды дамытуға қатысты ұстанымдарды қайта қарау | 7. Адам құқығын қорғау жүйесін нығайтуды жалғастыру керек |
| 4. Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге баса мән беру | 8. Мемлекеттік басқарудың тиімділігін және стратегиялық жоспарлаудың сапасын көтеру |

Парламент Мәжілісінің жалпы отырысында депутаттар Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Төрағасы қызметіне Ерлан Жақанұлы Қошановты бірауыздан сайлады.

Ерлан ҚОШАНОВ,
Мәжіліс төрағасы:

«Парламент Мәжілісіне жетекшілік ету – ерекше мәртебе. Бұл Қазақстан халқы мен Мемлекет басшысының алдындағы зор үлкен жауапкершілік. Бәрімізге белгілі, ел тарихының даму кезеңінің ең жауапты кезінде тұрмыз. Осы уақытта Президентіміз жан-жақты және түбегейлі реформалар ұсынатынын атап өтті. Бұл реформаларды сапалы заңдармен қамтамасыз ету барлығымыздың, әсіресе, Мәжіліс депутаттарының ортақ міндеті. Ел мүддесі үшін адал еңбек етейік. Мәжілістің жұмысын жаңа деңгейге көтерейік».



АМАНАТ партиясы Премьер-Министр лауазымына Әлихан Смайыловты ұсынды. Мәжілісте дауыс беруге қатысқан 97 депутаттың 82-сі Ә.Смайыловтың кандидатурасын қолдады.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Әлихан Смайыловты Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі лауазымына тағайындау туралы Жарлыққа қол қойды.

Әлихан СМАЙЫЛОВ,
Премьер-Министр:

«Экономиканы әртараптандыруға, ішкі нарықты отандық тауарлармен қамтамасыз етуге және қосылған құны жоғары шикізаттық емес тауарлар өндірісін ұлғайтуға басымдық беріледі. Ел экономикасына, бірінші кезекте, өңдеуші салаларға ауқымды инвестиция тарту бойынша шаралар қабылданады. Ауыл шаруашылығын дамыту және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін кешенді жұмыс атқарылады. Энергетика саласын дамыту және коммуналдық инфрақұрылымды жаңғырту мәселелері өте маңызды».



МЕНІҢ ПІКІРІМ

АҚПАРАТ ҚАУІПСІЗДІГІ ЕЛДІКТИҢ ТҰҒЫРЫН НЫҚТАЙТЫН НЕГІЗГІ ТІРЕКТІҢ БІРІ САНАЛАДЫ. МЕМЛЕКЕТ ҚАУІПСІЗДІГІНЕ, ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ БАЯНДЫЛЫҒЫНА ТӨНЕТІН ҚАТЕР АЛДЫМЕН АҚПАРАТ АРҚЫЛЫ ТАРАЙДЫ.

Ақпараттық қауіпсіздік дегенді сөз еткенде оның ауқымын тек ақпараттық кеңістікпен ғана шектеп айтуға болмайды. Өйткені ақпараттық кеңістік тек сол өрісті пайдаланатын адамдарға ғана қатысты болады. Қоғамның барлық саласындағы қауіпсіздік ең әуелі ақпаратқа тәуелді болып тұрады. Ақпараттық қауіпсіздік — мемлекеттің тұтастығы, ұлттық

отыратын кадрлар ауадай қажет. Ақпараттық кеңістікке БАҚ ресурстарын қосу бар да, оны бақылау функциясын күшейту және бар. Егер бақылайтын функция болмаса, үлкен мәселе туындауы



Дархан МЫҢБАЙ, мемлекет және қоғам қайраткері, журналист:

АҚПАРАТ ҚАУІПСІЗДІГІ — ТҰРАҚТЫЛЫҚ КЕПІЛІ

қауіпсіздікке дейін тарамдалып тұрған сала. Халықаралық талғам таразына тартып сараптасақ, біз өзіміздің бұқаралық ақпарат құралдарын күшейтіп, кадрлық қауқарын нығайтып, жақсы мамандарды тарту — бірінші кезекте орындалуы тиіс шаруа. Қауіпсіздік мәселесіне қаржыны қалай аямасақ, ақпараттық қауіпсіздікке де қаражат бөлуде қазымырланбауымыз керек. Білікті мамандарды даярлап шығаруға баса мән берген дұрыс. Ақпараттық қауіпсіздікке қатысты келте ұғым бар. Бұл ұғым цифрландырудан кейін тіпті ұлғая түсті. Өйткені көптің көкейінде цифрлық деректер өзгенің қолына түсіп кетпей ме деген алаң басым. Дерек, ақпараттық қауіпсіздікке IT мамандары, басқа да тиісті тұлғалар жауапты болуы қажет деген түсінік те қалыптасқан. Бұл біржақты ойлау деп ойлаймын. IT мамандары цифрландыру саласына кез-келген деректі қосу тетігін біледі. Ары қарай ақпараттың қадағалануы, бақылауды күшейтетін мамандар тапшы. Демек бізге цифрлық қондырғыларды қадағалап, тексеріп, бақылап

мүмкін. Ақпараттық кеңістікті нығайтудың жолдары қандай дегенге қатысты айтарым мынау. Ең алдымен, тағы қайталап айтамын, тиісті қаржы бөлуде мырза мінез танытуымыз керек. Цифрландыру заманында мемлекеттік тілді, өзге тілдерді де жетік білетін мамандарды даярлауымыз керек. Бәзбіреулер «ана сайтты жабу қажет», «мына ақпарат таратушы агенттіктің көзін жойған жөн» деген секілді пікір айтады. Мұнымен мәселенің бар түйіні тарқатылып кетпейді. Қазір ақпараттық кеңістіктің өрісі өте үлкен. Дүниенің қай қиырынан да жылт еткен жаңалық та, ақпарат та «айшылық алыс жерлерден жылдам хабар алғызып» отыр. Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін мамандардың дәрежесін көтеруіміз қажет. Осы саланың мамандарын көбейтіп, кадрға деген зәрулікті жойғанда ғана біз ақпараттық қауіпсіздіктің тізгін-шылбыры бағусыз, қараусыз емес екеніне нық сенеміз. Жоспар құрып, түрлі бағдарламаларды жүзеге асыра отырып, қауіпсіздігімізді қамтамасыз етуге болады.

Ақпараттық қауіпсіздік деген ұғымды біржақты түсінуге болмайды. Ақпараттық қатерді тойтару дегенді қақпаңды тарс жауып, іргенді бүркеп алу деп түсінбеу керек. Ақпараттық шабуыл, қатер көктен де, жерден де келеді, әрі кез-келген сәтте тұтқиылдан тап береді. Кез келген қауіп-қатер ең әуелі ақпарат арқылы жетеді. Сөйтеді де адамдардың санасын сансыратады, ұғым-түсінігін басқа жаққа қарай бұрып

дүрліктіреді. Адам санасына ең бірінші әсер ететін жайт — ақпараттандыру мәселесі. Қазір айналаңызда қым-қызыл ақпараттық майдан жүріп жатыр. Ақпараттық терроризм бар. Осындай қатерге қарсы тұра алатын әлеует, иммунитет қалыптастыру қажет. Мұндай әлеует бізде бар.

Енді соны ары қарай жоспарлап, жүйелі түрде күшейтуге үлес қосқанымыз абзал. Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін арнайы мамандар жасағын даярлап қою керек. Мемлекеттік мүдде, ұлттық қауіпсіздік деген ұғым барлығынан да жоғары тұрады. Осы тұрғыдан қарағанда, ақпараттық қауіпсіздік мәселесін көтеру, жан-жақты талқылап, ортақ мәмілеге келу өте орынды деп санаймын. Ақпараттық қауіпсіздікті ақсатып алсақ, ұлттық құндылықтарымызға, тілімізге, дініміз бен ділімізге, салт-дәстүрімізге залалын тигізеді. Мемлекеттік мүддеміздің қуатын құлдыратуды көздейтіндер дегенін жүзеге асыруға ұмтылады. Тағы да қайталап айтамын, ақпараттық қауіпсіздікке жауапты мамандардың біліктілігі қатаң сүзгіден өтіп, осындай тосқауылдарға төте бере алатын бесаспап кадрларды көбейту керек. Бұл істі тек айлық жалақы үшін, жеке басының мүддесін көбірек ойлайтын ортақол қызметкерлерге тапсыру қауіпті.

БІЗДІҢ СҰХБАТ

**«ҰСТАЗДЫҚ ЕТКЕН ЖАЛЫҚПАС, ҮЙРЕТУГЕ БАЛАҒА»
ДЕМЕКШІ, БАҚҚЫЗ ЖҰМАШЕВА – 35 ЖЫЛ ҒҰМЫРЫН
ҰСТАЗДЫҚҚА АРНАҒАН ЖАН. АЛҒАШҚЫ ЖҰМЫСЫН АЛМАТЫ
ОБЛЫСЫ КЕГЕН АУДАНЫНАН БАСТАҒАН МАТЕМАТИКА
ПӘНІНІҢ МҰҒАЛІМІ СОҢҒЫ ЖЫЛДАРЫ ҚАРАСАЙ АУДАНЫНА
ҚАРАСТЫ АБАЙ АУЫЛЫНДАҒЫ ОРТА МЕКТЕПТЕ БІРНЕШЕ
ЖЫЛ ТАЛМАЙ ЕҢБЕК ЕТІП, ЗЕЙНЕТКЕ ШЫҚТЫ. БҮГІНДЕ ОЛ
ЗЕЙНЕТКЕ ШЫҚСА ДА МАМАНДЫҒЫНАН ҚОЛ ҮЗГЕН ЖОҚ.**

Jas qazaq: Баққыз Жұмашқызы, мыңдаған шәкірт тәрбиелеген тәжірибелі ұстаз ретінде сіздің ойыңызды білгіміз келіп отыр: қоғамдағы патерналистік көңіл-күй мен масылдық санадан арылудың жолы бар ма?

Б.Демеуова: Орынды сұрақ. Бұл ауқымды мәселе болғандықтан, әр маман өз көзқарасы тұрғысынан түсіндіруі мүмкін. Оқушылардың білімге, пәнге қызығушылығы мектеп табалдырығын аттаған сәттен басталады. 40 жылға жуық тәжірибемде түрлі жағдайдың куәсі болдық. Соңғы жылдары мектеп оқушыларын ҰБТ-ға дайындадым. Дәл осы кезеңде мамандық таңдаудың қаншалықты маңызды екеніне көз жеткіздім. Көп ата-ана баласынан зор үміт күтеді. Бірі баласынан заңгер, бірі дәрігер, бірі мұғалім, бірі экономист «жасағысы» келеді. Бұл – оқушының емес, ата-анасының қалауы. Сөйтіп өзі қаламаған мамандықты оқитындар бар. Керісінше, ешкімнің қарсылығына қарамастан, өнер академиясына қашып барып емтихан тапсырғандар бар. Өз таңдауымен оқымаған студент, сол мамандықты бүкіл ынта-шынтасымен дөңгелетіп әкетеді дегенге сенбеймін. Қазір техниканың заманы. Күн сайын жаңа мамандық пайда болып жатыр. Бұрын оқушыларға тақтаның алдында есеп шығартсақ, енді лэд-экран, компьютер, басқа да құрылғылардың көмегімен сабақ түсіндіресің. Қажет ақпараттың барлығы бар. Кітапханада ұзақ отырып дайындалмайсың. Қазіргі жастар да басқаша. Өз ойын ашық

айтады. Нені қалайтынын біледі. Қоғамда әр түрлі адамдар болады. Жұмыстың ауырынан қашпай, күндіз-түні еңбектенетіндер бар. Сондай-ақ ата-ананың табысына

БАҚҚЫЗ ДЕМЕУОВА, ЗЕЙНЕТКЕР ҰСТАЗ:

ЖАСТАЙЫНАН ЕҢБЕК ЕТКЕНДЕР МАСЫЛДЫҚҚА БОЙ ҰРМАЙДЫ



жармасатын дені сау, тепсе темір үзетін жандар да бар.

Jas qazaq: Бүгінде «мені мемлекет асырасын» деген түсінікпен өмір сүретіндер бар ғой. Ондай жандарға не айтар едіңіз?

Б.Демеуова: Мемлекет бөлетін әлеуметтік қаржы, зейнетақы, мүгедектікке байланысты берілетін жәрдемақыға күн көріп отырған отбасылар бар. Кейде осы жәрдемақы үшін таласып жатқандарды көреміз. Дегенмен

еңбек етудің не екенін жастайынан түсінген адам, қоғамға да, отбасына да масыл болмайды.


Қоғамдағы масылдық сананы азайтудың ең басты критерийін – отбасылық тәрбие деп айтар едім. Мәселен, біз кішкентайымыздан үлкендерге көмектесіп өстік. Үй шаруасынан бастап, даладағы жұмыстың барлығын өзіміз тындыратын едік. Тіршілікке ерте араластық. Қазіргі балалар далаға шықпайды. Ауылдың өзінде көшеде асыр салып ойнап, арбамен су тасып жүрген баланы көрмейміз. Өйткені ауылда да жағдай жақсы. Барлық үйге су кіргізілген. Қазіргі жастардың

еңбек етуді түсінбей жатқаны осыдан ба деп ойлаймын.

Jas qazaq: Жастар ең алдымен масылдық санадан арылу керек дедіңіз. Осыны тарқатып айтсаңыз.

Б.Демеуова: Бұрын дипломың болмаса, жұмыс істей алмайсың дейтін. Қазір оны қабілетің мен ниетің болса, кез келген жұмысты дөңгелете аласың деген ұғым басты. Бұрын оқығысы келмейтін оқушыма «оқымасаң, отбасыңды асырай алмайсың» деп ұрсатынмын. Сонда бір оқушым «апай, мен оқуға түспеймін, шопыр боламын» деп еді. Сол оқушым көлік жүргізіп, шағын бизнестің иесі болды. Жоғары білім алмаса да, талмай еңбек еткеннің арқасында белгілі бір жетістікке жетті. Ең бастысы, еңбектенуден қашпау керек. Қазір смартфонды ашып қалсаң, түрлі курстар, түрлі мотивациялық сабақтарды көресің. Солардың ішінен сапалысын таңдап, кәсібіңді жүргізіп кетуге болады. Жұмыс жоқ деп жүре бергеннен гөрі, мүмкіндікті барынша пайдаланып, қоғамнан өз орнын тапқаны дұрыс.

ФОТОРЕПОРТАЖ



ҚЫРДАН АҚҚАН ҚЫЗЫЛ СУ

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ ҚАРҒЫН СУМЕН ӘЛІ АРПАЛЫСЫП ЖАТЫР. 27 НАУРЫЗДА ҚЫРДАН АҚҚАН СУ АЛҒА АУДАНЫНДАҒЫ ЕКІ КӨПІРДІ БҰЗЫП, ТӨРТ АУЫЛМЕН ҚАТЫНАС ҮЗІЛДІ.

ҚАРАҒАШ АУЫЛЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ АРҒЫ БЕТКЕ ТЕК ҚАЙЫҚПЕН ҚАТЫНАЙДЫ. ҚАРАҚҰДЫҚ, АҚСАЗДЫ, САМБАЙ АУЫЛДАРЫНДАҒЫ КӨЛІК ЖОЛЫ ДА ЖАБЫҚ. ӘКІМДІКТЕГІЛЕР АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫМЕН БІРЛЕСЕ АЙНАЛМА ЖОЛДЫ ҚАЛЫПҚА КЕЛТІРУГЕ ТЫРЫСЫП ЖАТҚАНЫН АЙТАДЫ.

30 НАУРЫЗҒА ҚАРАҒАН ТҮНІ ҚАРҒАЛЫ ӨЗЕНІ АРНАСЫНАН АСЫП, 20 ШАҚТЫ ҮЙДІ СУ БАСТЫ. 116 АДАМ, ОНЫҢ ІШІНДЕ 44 БАЛА ҮЙІН ТАСТАП ШЫҒУҒА МӘЖБҮР БОЛДЫ.



ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘҢГІМЕ

(Жалғасы. Басы өткен санда)

– Мен сізді ылғи ойлаймын, бүгін де ойладым, – деді ол жақында бірінші сөз бастап. – Қазақ деген де Абайды, Алашорда көсемдерін, Бауыржан Момышұлын, одан кейін өзіңізді есіме аламын. Қазір көп кісілер сізді түсінбейді. Оған ренжуге болмайды. Өйткені біздің халқымыз қызық халық, күндердің күнінде түсінетін болады. Оған сенімім мол. Мен бәрінен бұрын әке-шешеңізді жан-тәніммен сүйемін.

– Ол кісілерді қалай жақсы көріп жүрсің?

– Оңашада сіздің тоңмойын тағдырыңызды ой елегінен өткізем. Адамзат жаратылысы күрделі ғой. Біз қазір бірталай жасқа келдік. Сіз сексен төрттесіз, мен алпыстың асқарына беттеп барамын. Әр нені ой таразысына салған сәттерімде сіздей адамды өмірге әкелген әке-шешеңіздің тамаша жандар екеніне көзім жете түскендей. Ол кісілерді жан-тәніммен сүйетін себебім содан. Әке-шешеңіз болмаса, сіз Бауыржан Момышұлына қалай жолығар едіңіз? Бұған мән бердіңіз бе?


– Мән бермеппін.

– Бұл өмірде сирек кездесетін ғажайып құбылыс. Ерен еңбегіңізді түсінетіндер де бар. Ренжімеңіз, қазір түсінбейтін біреулер ұшырасқанымен келер ұрпақ түгел түсінеді..

– Мен ренжімек түгілі, ойыма да алған емеспін. Міндетім – жазу, Баукеңнің ішкі әлемін жұртқа жеткізу.

– Әкеңіз Қалдыбайдың, анаңыздың ерекше керемет адам екенін білесіз бе? Олардың ар жағындағы аталарға, әжелерге ой жіберсем, олар да тегін емес. Сіз маған ол кісілер туралы әлі айтқан жоқсыз. Мүмкін болса, шешіліңіз?

– Әжем Орынша (әкемнің анасы): «Қалдыбайым елге ноқат гүлдегенде келеді, мен көре алмаймын (ол кісі



әкем майданнан оралардан екі ай бұрын, 1945 жылдың сәуір айында қайтыс болды). Алтыбайыма (әжемнің кенже ұлы) жат жердің топырағы бұйырды», – деген екен.

– Айтқаны дәл келді, әжелерің жарықтық Бекасыл әулие әкесіне тартқан, – деп аналарымыз айтып отыратын. Соғыс жылы ауылымызға шешендер көшіп келеді. Әжеміз аш әлгілерді шақырып алып нан, талқан беретін көрінеді. Үлкен ұлы Бекбосын атам:

– Бас көтерер мен сырқатпын. Тамақ өзімізге де жетпей жатыр. Мына балаларды аштан қырамысыз? Енді ешкімге ештеңе бермеңіз! – деп жекіріп ұрысса, әжеміз аш шешендерге:

– Әй, қарақтарым, бұдан былай есік алдына келмеңдер. Үлкен ұлым көріп қалса, ұрсады. Үйдің көше жағындағы терезеге келіңдер, – деп бәрібір жасырын тамақ бергенін қоймапты.

Әжемнің әкесі Бекасыл әулие ағайын-тумаларын ерекше құрметтеп, үйлеріне барып тұрады екен. Шай құйып берген келіндеріне: «Адам баласы сөзге семіреді, мал баласы шөпке

МАМЫТБЕК ҚАЛДЫБАЙ: ӘКЕМ ӨТЕ

семіреді. Шын пейілдеріңмен қызмет көрсеткендеріңе ризамын, қарақтарым. Өсіп-өніңдер. Жаттан жеген қазы-қартадан жігерімнің, бауырымның қара құмғанынан ішкен қара шайым артық. Өзгенің мінгізген аты інімнің үйінде беті-қолымды жуып-шайғанмен тең» дейтін көрінеді.

Jas qazaq: Мамытбек аға, әңгіме арнасын өзіңіздің екінші жұртыңыз нағашыларыңызға бұрсаңыз. Нағашы атаңыз елге беделді тұлға болса керек.

Мамытбек ҚАЛДЫБАЙ: Ол кісінің яғни нағашы атамның әкесі Қыстаубай Кеңес үкіметі жаңадан орнап, болыстыққа тақыр кедей сайланғанда, «қап менің балам болыс болмай қалды-ау» деп өкініпті. Өзі билікке өте құмар кісі екен. Әлгі сөзді тілмашы арқылы естіген ояз:

– Балаңның болыс болғанын қалайсың ба?– дейді.

– Қалаймын.
– 350 қой тауып бере аласың ба?
– Тауып бере аламын.
– Оны Ташкентке жеткізуің керек.
– Жеткізем.
– Онда балам болыс болды дей бер, – деп ояз табанда бастапқы шешімін өзгертеді. Нағашы атам Жүнісбек үш жыл болыс болып, Кеңес үкіметі толық жеңіп, байларды тәркілей бастағанда орнынан түседі.

Айта берсем, ол кісінің оқиғасы көп. Солардың біріне ғана тоқталайын. Өзінің туысы Бимырза деген тәртіп сақшысы тау жақтан келе жатқан Жүнісбек атамның алдынан шығып, болыстықтан ажырап қалғанын табалай

жағын жалғап жатқан Сырлыбай көпірінен араның ұясын көріп, балын алғалы түтін салып, көпірді өртеп жіберіпті. Екі аудан тұрғындары ары-бері қатынай алмай әуре-сарсаңға түскенін естіп, әкемнің ағасы – Бекбосын атам ауырып жатса да, бір қойын сойып, ауыл ағаларын үйіне шақырып:

– Алла тағала әулетімізге сауабын тигізсін, жиған-терген қаржыма көпір саламын, – дейді. Оны ауыл ағалары қолдайды.

Ат арбаға Бекбосын атамды отырғызып, жас-кәрі демей Ақсу өзені жиегіне бардық. Үлкен кісілер жабыла қимылдап, көпірді қалпына келтіріп алғыстарын айтқанда:

айқайлап, жұдырығымды көрсетіп. Ол кісі атынан түсе сап, қасыма жүгіріп кеп:

– Айналайын, кешір. Мен кеше мас болып қалыппын. Кінәмді мойындап, әкеңмен жарастым, – деді құшақтап, бетімнен сүйіп.

Студент кезімде ауылыма барған сайын Әбіт жәкем:

– Балам, мені қашан сабайсың?, – деп әзілдеп, ұялтатын.

Jas qazaq: Сабадыңыз ба кейін енді?

Мамытбек ҚАЛДЫБАЙ:

Жоға, жарақаты жазылғанша әкем үйде, жұмыссыз жүрді. Бір күні колхозымыздың басқарма төрағасы Айтымбет Ералиев өзіне шақырып: «Менің атбегім ауырып қалды. Пәлендей мұрын қанайтын жұмыс емес. Таңертең атымды ат қорадан әкеп, ерттеп беріп тұрсаң қайтеді? Еңбекақыңызды төлеймін», – дейді.

– Бұл тілегінді маған емес, басқаға айт, інім. Өзің түгілі жеті атаң тіріліп келсе де, тіпті аштан өлсем де, сенің атыңды жетектеп әкеп, ерттеп бере алмаймын, – дейді. Өзі өте намысшыл еді.

– Ит екенсің!

– Қайсымыздың ит, қайсымыздық ит емес екенімізді бір Құдай біледі. Айтарымды айттым, сенімен дауласпаймын, – деп әкем бөлмесінен шығып кетеді. Осыны естігенде әкемді бұрынғыдан да жақсы көре түстім.

...Таңғалатыным – «адам өлтірмейін» деп әкем соғыста қарсы келген немісті атпаған, керісінше, неміс әкемді нысанаға алып атқан. Оқ жүрегін жанай тесіп өткен. Қансырап құлап жатқан жерінен мейірбикелер әскери госпитальға жеткізген.

– Неге қарсы келген жауды атпадыңыз? Ол атты ғой. Неге оны аядыңыз? – дегенімде:

(Жалғасы бар)

НАМЫСҚОЙ ЕДІ

миығынан күліп, астындағы атын тартып алып, ер-тоқымын арқалатып, 7-8 шақырым шалғайдағы ауылына жаяу қайтарған. Кейін Жүнісбек атам Жамал деген баласы жаңа үй салып, соған көшкенде:

– Ана Бимырза шалды кемпірімен алып кел, сенің ескі үйіңде тұрсын. Мен шақырсам, келмей қояды, Үйі жоқ, әйелі бала көтермеді, ағайын адамбыз, қараспасақ обал, – дейді ұлына. Жамал Бимырзаны кемпірі екеуін ескі үйіне алып келеді.

Jas qazaq: Нағашы атаңыздың онысы – үлкен адамгершілік, үлкен кешірімділік екен. Баяғы тізесін батырғанын кешіре алу да үлкен ерлік емес пе. Енді Бекбосын атаңыз туралы айтыңызшы?

Мамытбек ҚАЛДЫБАЙ: Үшінші сыныпта оқып жүрген кезім. Біреулер арынды Ақсу өзенінің екі

– Ризалық сөздеріңізді маған емес, бірінші Аллаға, екінші нағашым, әулие Бекасыл бабамның аруағына арнаңыздар. Көпке қызмет етуді мен сол кісіден үйренгем, – деп Бекбосын атамның жұртқа басын игені әлі көз алдымда.

Jas qazaq: Әкеңіз қандай кісі еді?

Мамытбек ҚАЛДЫБАЙ: Әкем жан баласының көңілін қалдырмайтын, көпшіл, қағылез, қулық-сұмдықпен ісі жоқ, момын кісі еді. ... 1946 жылдың жаз айы. Көрші кемпір: «Сенің әкеңді кеше орталық магазинде Әбіт деген құрдасы сабапты», – деді. Жұдырығым тас түйілді. Ертеңінде өзім құралпылас балалармен ойнап жүр едім, Әбіт атқа мініп келе жатыр екен. Тұсыма жақындағанда:

– Ей, Әбіт! Сен неге менің әкемді ұрасың?! Осыдан көріп тұр, мен сені үлкейгенде ұрамын – дедім қатты

«ШЫМБҰЛАҚ» – ГИННЕСТІҢ РЕКОРДТАР КІТАБЫНДА



Сертификат тапсыру және рекорд нәтижесін ресми тіркеу рәсімі теңіз деңгейінен 3200 метр биіктікте «Талғар асуы» станциясында өтті.

Guinness World Records офисінің судьясы Шейд

Субаши-Гемиджи тау шаңғысы курортының басшылығына әлемдік рекордты растайтын сертификат табыс етті.

«Шымбұлақ» тау курорты әлемдегі ең биік түнгі шаңғы

**«ШЫМБҰЛАҚ»
РЕСМИ ТҮРДЕ
ГИННЕСТІҢ
РЕКОРДТАР
КІТАБЫНА
ӘЛЕМДЕГІ ЕҢ
БИІК ТҮНГІ
ШАҢҒЫ
ТРАССАСЫ
БАР КУРОРТ
РЕТІНДЕ ЕНДІ.**



трассасы ретінде ресми түрде Гиннес рекордын алғанын қуана хабарлаймын. Бұл – әлемдегі жаңа рекорд», – деді Шейда Субаши-Гемиджи.

Судья ең ұзын түнгі жолдың ең төменгі рекорды теңіз деңгейінен 3100 метр биіктікте екенін айтты. Іс-шара соңында лента салтанатты түрде қиылып, түнгі ең биік шаңғы трассасынан жаппай сырғанап түсу рәсімі өтті.



Фото: Алматы өкімдігінің Телеграм каналы

Бас редактор — директор

Срайыл Махатұлы
СМАЙЫЛ

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Гүлнар Ахметова Бас директордың орынбасары
Қуаныш НҰРДАНБЕКҰЛЫ редактор
Ғалия ҚАЛИЕВА дизайнер/фотосуретші

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ продюсер-менеджер
Мақпал НОҒАЙБАЕВА редактор
Кәмшат ТӨЛЕШОВА офис-менеджер

МЕНШІК ИЕСІ:

«Аманат Медиа» ЖШС

Бас есепші Расима ӘКІМБЕКОВА